

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«10-11 СЫНЫПТАРДА СӨЙЛЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
РЕПРОДУКТИВТІК (ТЫҢДАЛЫМ МЕН ОҚЫЛЫМ) ЖӘНЕ
ПРОДУКТИВТІК (АЙТЫЛЫМ МЕН ЖАЗЫЛЫМ) ТҮРЛЕРІН
ДАМУ»
Әдістемелік ұсыным**

Астана, 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2023 жылғы 12 мамыр айындағы № 2 хаттама)

«10-11 сыныптарда сөйлеу қызметінің репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік (айтылым мен жазылым) түрлерін дамыту» бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 64 б.

«10-11 сыныптарда сөйлеу қызметінің репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік (айтылым мен жазылым) түрлерін дамыту» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымдамада үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары, сөйлеу қызметінің репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік (айтылым мен жазылым) түрлері, оны жүзеге асыруға негізделген тапсырма түрлері, тапсырманы орындаудың критерийлері, дескрипторы, орындау үлгілері берілген.

«10-11 сыныптарда сөйлеу қызметінің репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік (айтылым мен жазылым) түрлерін дамыту» әдістемелік ұсынымы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың басында

© БІ. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023.

Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден бір жолы. Оның басты ерекшелігі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, білім алушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Қазақ, орыс, шет тілдерін оқыту барысында білім алушыны өз бетінше білім алуға баулып, келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы.

- мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;

-оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;

-оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

-оқушының өз-өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады.

1. 10-11 СЫНЫПТАРДА СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ РЕПРОДУКТИВТІК ЖӘНЕ ПРОДУКТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Проблемалық оқытуда білім алушыны жан-жақты ойлайтын жеке тұлға ретінде дербестігін, қабілетін дамыту көзделеді. Білім алушыны ойланту, іс-әрекетте іздендіру үшін репродуктивтік, продуктивтік және шығармашылық жолдар сәйкестіріле пайданылады. Репродуктивтік жолдар ұсынғанда атқарылатын іс-әрекет үлгі алгоритм бойынша орындалса, продуктивтік жолда білім алушы ситуацияны өзінше шешуге әрекеттеніп, жаңаша ізденуге мән береді. Ал, шығармашылықта эвристикалық іс-әрекетке көшіп, проблеманы шешуде кенеттен келген ойларын ұсынып, жұмысты өзінше орындай алады. Білім беру саласында түсіндірмелі иллюстративтік оқыту жолының мәнділігі ой-пікірі айқын, жүйелі болғандықтан ондағы мағлұматты білім алушы қиналмай-ақ тез ұғынады, сол күйінде қайталап айтып бере алады. Ал мұндағы әлсіздік-берілетін білім түсінік репродуктивтік, яғни қайталау түріне келеді де, білім алушының іс-әрекеттегі өзіндік ізденісі мен өзінше ойлануына онша мән берілмейді. *Мұғалімнің іс-әрекеті:* проблемалық ситуация туғызу, проблеманың мән-мазмұны туралы ойлауды; тиісті қарама-қайшылыққа байланысты туындап отырған болжам жорамалды шешуді; болжам жорамалды тексеріп көруді; жүзеге асырылмақ нәтижеге байланысты тұжырымдама жасауды ұйымдастырады. *Білім алушының іс-әрекеті:* кедергі мен қайшылық неде екенін аңғарып, оны зерттеп білу; шешуші тиісті проблеманы айқындау; тиісті мәселеге байланысты өзінше болжам, жорамал жасап оны шешуге талпыну.

Проблемалық оқытудың пайдалы жағы білім алушыны шығармашылыққа бейімдеп, күрделі мәселені шешу жолындағы ізденіске құлшындырып, ойлау қабілеттілігін дамытады. Ол білім алушының ойлауын жетілдіріп, ой еңбегіне қызықтырып, ақыл-санасын өрістетуге ықпал етеді.

10-11 сыныптарда қазақ, орыс және шетел тілдерін оқытуда репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамыту үшін, білім алушылардың өздігінен ізденіп, білім алуына мүмкіндік жасау керек. Ол үшін білім алушыларға өздігінен орындайтын жұмыстар көп берілуі тиіс. Осыған орай жас ерекшеліктеріне және қабілетіне қарай тапсырмалар беріледі. Соған байланысты әрбір сабақта өтілген тақырып бойынша ұйымдастырылған тапсырмалар, олардың сабаққа деген ынта-ықыласын, ойын дамытады, шығармашылық әрекетін шыңдайды. Өздік жұмыстар көбінесе өткен тақырыптарды пысықтауда, қорытындылауда білім алушыларға қиял береді, қызықтырады, ойлантады. Мысалы әрбір тақырыпқа арналған сөздер, сөйлемдер, мәтіндер беріліп, оларды ары қарай жетілдіру арқылы сөздік қорларын молайтып отыру білім алушыларды ілгері қарай жетелеп, білім алуға деген талпыныстарын арттыра түседі. Олар сол сөздерден түрлі сөйлемдер құрап, сол сөздерді қатыстыра отырып, мақал-мәтел, жұмбақтар, әңгімелер құрай алатын болады. Сол сөздер мен сөйлемдердің әрбір сөзін талдап, сөздерін толықтыру арқылы ары қарай өз бетімен жұмыс істеуге

машықтанады. Білім алушыларды өздігінен жұмыс істей білуге баулу, олардың білімге ынтасын арттырып, алған білімдерін іс-жүзінде пайдалана білуге, материалды тиянақты меңгеруге, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге жәрдемдеседі. Білім алушылардың өзіндік қадамы, өзіндік ойының қалыптасуы, оны шығармашылық жұмысқа жетелейді. Сабақ үстінде білім алушылардың белсенділігін арттырудың бірден-бір жолы, оқыту барысында өзіндік жұмысты тиісті ұйымдастыру болып табылады. Сабақ үстінде білім алушылар өз мүмкіндіктерінше өздігінен еңбектенуі қажет, ал педагог – білім алушылардың өздігінен жұмыс істеу барысын жетекшілікке алып, оны орындауға тапсырма беруі қажет. Оқу барысындағы өзіндік жұмыс, педагогтің ұйымдастыруымен білім алушылардың белсенділік әрекетін белгілі уақыт ішінде қалыптастыратын дидактикалық мақсатты іс.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, білім алушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Педагог әр сабағын жоспарлағанда бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем? деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастыруы керек.

Білім алушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілерінде, тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну, мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау, тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою, мәтін бойынша жоспар құру, тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру, мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу, мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау, мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу, ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру жатады.

Білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілеріне, көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу, мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау, мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу, ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау жатады.

Білім алушылардың жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілеріне, білім алушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу, сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар, газет-журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу, белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау жатады.

Тілдік пәндерден тілдік дағдылардың қалыптасу қағидаларына, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, ортақ тақырыптар аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру, оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту, оқушылардың қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық

белсенділігін және өз беттерімен жұмыс істеу біліктерін дамыту қағидалары кіреді.

Білім алушыларға тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым әрекеттеріне баса назар аудару керек.

Айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытуда, тілді еркін игеріп, қарым-қатынасқа түсе алады. Алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді. Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?», «Не істеу керек?» – деген сұрақтарға жауап іздеу қажет. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білу керек. Оқушыларды топқа бөлудің түрлі тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Топқа бөліп оқытудың бір артықшылығы үлгерімі орта, тұйық оқушылар топтың басқа мүшелерімен диалогқа түсе отырып, өздерінің білмейтіндіктерін үйрене отырып, көшбасшылық қасиеттері ашылады. Топтық жұмыстардың артықшылығына білім алушылар өзара достық қатынаста болуы, бір-бірінен сұрай отырып, білімдерін жетілдіруі, шығармашылық белсенділіктері артады. Топтық жұмыста бос отыратын білім алушы болмайды. Сабақ бойы білім алушылардың барлығы дерлік іс- әрекет, жұмыс жасау, іздену үстінде болады. Педагог осы іс әрекетті ұйымдастырушы және басқарушы болады. Білім алушылардан да соны талап етеді. Білім алушылардың өздерінің талқылауына берілген сабақ білім алушылардың өз идеяларын жеткізе алуына көмектесті. Аталған стратегиямен жұмыс жасау маңыздылығы ыңғайлы әрі білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауына негізделген болатын. Топтық жұмыс барысында «Ой қозғау», «Миға шабуыл» стратегиялары арқылы білім алушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін тағы да ой елегінен өткізіп, білетін ақпаратты еске түсіріп, білмейтіндерін есте сақтап, жұмыс жасайды. Сабақта «Топтау», «Түргіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «ББҮ» стратегияларын қолдану арқылы білім алушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі. Орынды пайдаланған оқыта-үйрету ойындар мен топтық, жұптық жұмыстар тілдік пән сабақтарында оқушылардың сөйлеуіне мүмкіндік туғызады.

Жаңартылған бағдарламада білім алушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берілген. Ол «танымдық үдеріс» ретінде түсіндіріліп, оқылым, жазылым, айтылымға қарағанда қиынырақ дағды деп есептеледі. Оқу жоспарында телехабар, фильм, ән, үлкен адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулар кездеседі. Аталған жаттығулар бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасында дағдыларды, соның ішінде тыңдалымды дамытуды көздейтінін байқау қиын емес. Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке-жеке дамыта отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытады. Оқу кезінде олар сөз тіркестерінің құрылымына, сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге назар аударады.

Жалпы жаңартылған бағдарлама, әсіресе, оқылым мен жазылымда білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстайды. Ең бастысы, өз бетімен оқу немесе жазуға қарағанда тапсырма күрделірек болуы шарт.

Адам өзінің шамасы келмейтінін түсінген кезде жанындағы адамның көмегіне жүгінеді. Бірлескен жұмыстағы ұстаным: «мен» емес, «біз» болуы шарт. «Біз жеңіске бірге жеттік!» немесе «Біз мақсатты бірге бағындырдық!». Осындай жұмыстарды орындау барысында бала «жұмыла көтерген жүктің жеңіл» болатынын немесе «жалғыздың үні шықпайтынын» өздері түсінуі тиіс. Бірлескен оқылымда мұғалім: диалогтік оқыту, кітапты талдау әдісі, тізбектеп оқыту әдісі, «ДЖИГСО-2», «Өрмекші торы» сияқты және т.б. стратегияларды қолданса, бірлескен жазылымда: «Жүгіру диктанты», «Төрт сөйлем», «Айналма бекет», «Ара ұяшығы», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Уақыт тізбегі» т.б. стратегияларын қолдана алады.

Ал, енді педагог жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылымға келетін болсақ, бұлардың екеуі де оқудың сындарлылық теориясына негізделеді. Білім алушылар сөздің мәні мен мағынасын түсініп, оны бұған дейін алған білімдерімен байланыстыра отырып, жаңа ұғымдар мен түсініктерді сын тұрғысынан талдауға ұмтылады. Педагог жетекшілігімен жүретін оқылымда мұғалімнің рөлі нақты, мәтін мағынасын ашатын сұрақтар қою және жаңа білімді игеруге қолдау көрсету арқылы ойлау үдерісін жетілдіру.

Педагогтің жетекшілігімен жүретін топтық жұмыс білім алушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып оқытуға және бағалауға мүмкіндік береді. Педагогтің жетекшілігімен жүретін жұмыстың барлығы білім алушының ауызша, жазбаша тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал етіп, баланың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Білім алушылардың топтағы белсенділігі мұғалім назарында болады. Білім алушы бақылаусыз, өзімен-өзі қалмауы тиіс және мәтіннің күрделілік деңгейі әр бала еңсере алатындай дәрежеде болғаны жөн. Педагогтің рөлі бақылай отырып, білім алушылардың түсініп оқуын қамтамасыз ету, керек жерінде қолдау көрсету. Оқылым сабақтарында, яғни оқу мақсатын оқылымнан алған кезде әрбір оқушыда оқылатын мәтін болуға тиіс. Мұғалім оның мәтінді оқып, мағынасын түсінуіне, шамасы жеткенше зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жетекшілік етіп отырады.

Педагогтер бір немесе бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасын оқыту кезінде «педагогтің жетекшілігімен жүретін әңгіме» арқылы білім алушылардың айтылым немесе тыңдалым дағдыларын дамыта алады. Айталық, білім алушыны түрлі жағдайларда сенімді сөйлеуге немесе тыңдауға үйрету, өзінің зейін қоя тыңдап отырғанын көрсету үшін мазмұнға қатысты сұрақ қоя білу, диалог барысында әр түрлі рөлдерге ене алу. Педагогтер білім алушылардың тілдік қабілеттерін іс жүзінде қолдануына түрткі болуға тиіс. Жаңартылған бағдарламадағы сабақ мақсаттары, тілдік мақсаттар, тілдік дағдыларды дамыту, соңында өз сабағына жасалатын талдаудың бәрі осы мәселелерден шығып жатқанын ұмытпауымыз керек.

Тыңдалым – дыбысталған мәтінді мағыналық тұрғыда қабылдауға бағытталған сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі. Тыңдалым – анағұрлым маңызды тілдік дағды. Мұнда қадағалау қиынға түсетін дағды деп есептейді. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі білім алушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни, ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады. Бұл әдіс білім алушыларға тиімді стратегияларды қалай анықтау керектігіне үйрететін тәсілге негізделген стратегияны қалыптастырады. Мұнда педагогтің нақты әрекеттегі қадамдарында қолданатын әдістері болуы керек. Тыңдалым түрлеріне әңгімелесу (диалог), әңгімелер (оқиға), хабарландыру, әндер, нұсқау (инструкция), лекция және жарнама және т.б. жатады.

Тыңдалым дағдылары бірнеше ішкі дағдылардан тұрады:

Мазмұнын түсіну үшін тыңдау – жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін тыңдау. *Нақты ақпараттарды алу үшін тыңдау* – тыңдалымдағы қажетті ақпараттарды алу үшін тыңдау. Мысалы, теміржол вокзалында өзіңізге қажет уақытты немесе пойызды білу үшін сол ақпаратты ғана тыңдайсыз, басқа ақпаратты қажет етпейсіз.

Детальді түрде тыңдау – сөздің мағынасын түсіну үшін әрбір сөзін зер салып тыңдау, түсіну. Мысалы, маңызды жаңалықтарды айтып жатқан кезде оны дұрыс түсіну үшін әр сөзін мұқият тыңдап шығасыз. Тыңдалым материалдарына, аудио мәтін; видео материал; кино, мультфильмнен үзінді; ән; теледидар бағдарламалары (жаңалық, авторлық бағдарламалар); аудио кітаптар; педагог немесе білім алушының мәтінді ауызша оқуы. Ал, ендеше тыңдалым дағдыларын сабақта қалай жүзеге асырамыз деген сұраққа, тыңдалымда *аутентті мәтіндер (көркем және көркем емес мәтіндер), бейімделген мәтіндер (оқу мәтіндері)* қолданылады. Білім алушыларға ұсынылатын мәтін әр түрлі аймақтардың сөйлеу ерекшеліктерін, немесе өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілінде сөйлейтін аудиоматериалдарын да қамту керек. Тыңдалым бөлімі – болжау; назарын шоғырландырып тыңдау; сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну; көркем шығармаларды тыңдау; негізгі ойды анықтау; тыңдалым материалдары бойынша жауап беру бөлімшелерінен (дағдыдан) тұрады.

Тыңдалым мәтіндерін ұсынудың негізгі қағидаттары:

Аудиоқұрылғылар сапасы мен аудиомәтіндер сапасының маңызы. Мәтінді тыңдау үшін дайындық кезеңінің ұйымдастырылуы. Бір-ақ рет тыңдаудың жеткіліксіздігі. Білім алушылар мәтін мазмұнын түсінген соң ғана тілдік материалдармен жұмыс жүргізе алатындығы. Тыңдалымның түрлі кезеңдері әр түрлі тапсырмаларды қажет ететіндігі. Педагог мәтінді толықтай қолдана білу керектігі.

Тыңдалымды ұйымдастырудың шарттары:

Мәтін тақырыпқа, білім алушы жасына және тілдік деңгейіне сай таңдалуы қажет.

Білім алушыларға ой шақыру үшін тақырып туралы сұрақтар қойылады. Жаңа сөздер түсіндіріледі. Мәтінді тыңдар алдында білім алушылар алдымен

мәтінге арналған тапсырманы және сұрақтарды оқып, талқылаулары қажет. Таныс емес сөздер түсіндірілуі керек. Тыңдалым мәтіні кемінде екі рет тыңдалуы керек: а) жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін; сұрағы: мәтін не туралы?

ә) *нақты ақпараттарды табу үшін* сұрақтары: Кім? Не? Қашан? Қайда? Қанша? (нақты фактілерді талап ететін сұрақтар). Тапсырма сұрақтарының реті мәтін желісімен сай келуі қажет. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап берген соң, білім алушылар жауаптарын жұпта не топта салыстыра алады. Немесе мұғалім ауызша тексереді.

Ашық сұрақтар арқылы білім алушылар мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстырып, өз ойын ортаға салуы керек. Тыңдалым мәтіндерінің ерекшелігі неде? Мәтін барлық оқушы үшін бірдей жылдамдықта оқылады. Оқушылар үшін сөйлеушінің темпі маңызды болып есептеледі. Мәтінді бірнеше рет тыңдатуға болады. Білім алушы мәтінді бірінші рет тыңдаған кезде жалпы тақырып пен идея ғана анықталуы мүмкін. Екінші немесе үшінші рет тыңдаған кезде тапсырмалар нақты ақпаратты анықтауға бағытталуы тиіс.

Ж. Аймауытов тілді оқытуда мынадай ұсыныстар айтқан: «Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, сонан кейін оқуға, жазуға үйретілсін. Бала әуелі өз бетімен сөйлеуге, жазуға төселіп, сонан кейін үлгілі сөздерге еліктеуге мүмкіндік берілуі тиісті».

Тыңдалым дағдысы бойынша мәтінмен жұмыс жасау кезеңдері:
Мәтіналды (тыңдалым, оқылымалды) тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, ой шақыру, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақ қою, т.б. Мәтінмен жұмыс кезіндегі тапсырмалар: әр түрлі оқылым/тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.
Мәтіннен кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпаратқа байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай етіп ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар білім алушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік беретіндей етіп құрылуы керек. Осы кезеңдегі талаптарды ескере отырып педагог оқу мақсатына сәйкес тиісті тыңдалым дағдысын қалыптастыра алады. Осы орайда, тиімді тыңдалымның қадамдарын еске түсіру керек:

- Сөйлеп отырған адамға қараңыз және басқа іспен айналысуды тоқтатыңыз.

-Тек сөзді ғана тыңдамай, айтылғанның мазмұнын түсініңіз.

-Сөйлеушінің айтып жатқанына шын көңілден қызығушылық танытыңыз.

-Оның айтқанын қайта тұжырымдап беріңіз.

-Анда-санда нақтылайтын сұрақ қойыңыз.

-Өз сезіміңізді және берік пікіріңізді сезініңіз.

- Өз көзқарасыңызды білдіру керек болса, тыңдап болған соң ғана айтыңыз.

Айтылым дағдысын қалыптастыру жолдарында, айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Сөйлесу барысында жиі қолданылатын әрекеттер:

1. Сөздерді дыбыстау
2. Сұрақтарға жауап беру
3. Интонацияны қолдану
4. Бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну
5. Сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру
6. Пікірталасқа қатысу
7. Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану
8. Диалогқа қатысу (әңгімеге араласу)
9. Адамдармен сәлемдесу
10. Сөйлеу сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында)
11. Жест, мимиканы қолдану
12. Ақпаратты сұрау немесе айту
13. Грамматикалық тұлғаларды қолдану
14. Сөз және сөйлем екпінін қолдану
15. Сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алып сөз бастау
16. Оқиғаларды баяндап беру
17. Тілді сауатты қолдану
18. Сөйлемді қайта құрастыру (перифраза), яғни бірнәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру.
19. Сөйлеушінің сөзін бөлу
20. Сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру.

Жоғарыда айтылған тізімнен шығатын *айтылымның ішкі дағдылары мынадай:*

- Грамматиканы, сөздерді және қарым-қатынасқа түсу функцияларын (қарым-қатынасқа түсу себебі мен мақсаты, мысалы: сәлемдесу, кеңес беру, кешірім сұрау, т.б.) қолдана білу;
- Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдана білу;
- Сөздерді дыбыс үндестігінің ерекшелігіне сай айта білу;
- Вербальді емес тілді қолдана білу (ым-ишара, мимика);
- Мәтін түрлерін (жаранама, хат, мақала) жаза білу;
- Ауызша флуенттілік (нормаға сай жылдамдықта, аздаған кідіріспен, қайталаулармен өзін-өзі түзете отырып сөйлесе білу және дыбыс үндестігін табиғи түрде қолдана білу);
- Интерактивті стратегияларды (сөйлесу барысында адамдарды қызықтырып, тілдесуге тартудың жолдарын білу) пайдалана білу. Айтылымның

ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Айтылымды сыныпта қолданудың түрлері:

- Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады. Яғни айтылымның белгілі бір аспектісіне назар аударып, практикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы оқушыларға көмектесуге болады. Мысалы: интонация, флуенттілік, сөздерді қолдана білу, т.б.

- Бастапқы уақыттарда айтылым дағдыларының көп бөлігінде жаттықтыру барысында бақылауға алынған практика әдісі қолданылады. Ол жаттығуларға сөздерді дауыстап айту, қайталау және сөздерді жаттап айту (есте сақтау) сияқты әдістер жатады. Бұл білім алушыларға сөздерді, олардың дыбысталуын, грамматиканы айтылым барысында сауатты қолдануға көмегін тигізеді. Сонымен қатар қолданып тұрған сөздерінің дұрыс екенін білу оларға сенім ұялатады. Бұл әдістен басқа жартылай бақылауға алынған практика және еркін практика сияқты әдістер бар.

Бақылауға алынған жаттығуларда педагог білім алушының қателігін түзетіп отыра алады, себебі бұл әдістің мақсаты сауатты сөйлеуге үйрету. Флуенттілікті дамыту барысында білім алушы қателігін бірден түзетпеген дұрыс. Солай жасаған кезде ғана білім алушы өз ойын жеткізіп, коммуникацияға түсе алады. Ал кеткен қателіктерді жазып алып (әсіресе сыныпқа ортақ), жаттығудан кейін сыныппен бірлесе отырып түзетуге болады.

- Флуенттілікті жаттықтыру кезінде білім алушылар сөйлеу тақырыбын өздері таңдай алады және оны дамытуға арналған жаттығулар жоба жұмысы, пікірталас, мәселені шешу, себебін анықтау сияқты тапсырмалардан тұрады. Бұл тапсырмалардың барлығы да білім алушыларға жаңа ақпараттарды бір-бірімен бөлісуге және қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

- Тілді жаңадан меңгеріп жүрген білім алушылар үйренген сөздерін айтылым кезінде қолдануда уақытты қажет етуі мүмкін. Кейбір сыныптар, әсіресе, жаңадан үйренушілер, үнсіздік кезеңін бастан өткереді. Сол себепті де бастапқы уақыттарда оларға тілді көбірек тыңдауға, үйренуге уақыт беріледі, яғни сабақ барысында үнсіз, жай ғана тыңдаушы ретінде отыруына рұқсат етіледі. Алайда олардың түсінген түсінбегендігі ым-ишара қолдану арқылы тексеріліп отырады. Мысалы, егер білім алушы түсінсе басын изейді, қолмен көрсетеді.

Айтылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

1. Кіріспе: сабақ тақырыбын таныстыру және сол сабаққа қажетті жаңа сөздерді немесе тілдік форманы үйрету.

2. Негізгі бөлім: Жаңадан үйренген сөздерді немесе тілдік форманы жаттықтыруға арналған тапсырмалар. Бұл жаттығулар бақылауға алынған практикалық жұмыстардан бастап, жартылай бақылауға алынған практикалық жаттығуларды қамтуы мүмкін. Оның барлығы сынып деңгейі мен сабақ мазмұнына байланысты.

3. Бекіту бөлімі: білім алушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге және үйренгендерін қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардан тұрады.

Оқылым дағдысын қалыптастыру жолдарында оқылым – рецептивті (қабылдаушы) дағды. Оқылым – жазба тілдегі мәтінді түсіну, мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіну. Оқылымның өзі белсенді немесе бейтарап болып бөлінеді. Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу. Педагог білім алушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда, сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет. Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі. Мұндай оқылым барысында білім алушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әр түрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Оқылым ресурстары: оқулықтар, газет-журналдар, сөздіктер, энциклопедиялар, электронды кітаптар, ғаламтор материалдары, брошюра, афиша, т.б. жатады.

Оқылым әдіс-тәсілдері *үш кезеңді* қамтиды:

Оқылым алдындағы кезеңде – оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сонымен қатар, оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді. Оқылым барысында – білім алушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқу жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйренеді. Оқылымнан кейінгі кезеңде – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуды және қорытындылауды сұрауға болады.

Оқылымның ішкі дағдылары төмендегідей болып келеді. Мысалы, *мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу* – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу. *Нақты ақпараттарды табу үшін оқу* – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу. *Егжей-тегжей түрде оқу* – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе - сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз. *Сөз мағынасын контекстен ажырату* – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару. *Мәтін құрылымын түсіну* – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Білім алушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б. *Экстенсивті оқылым* – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу. *Интенсивті оқылым* – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Тілдік пәндерді оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны – мәтін. *Мәтін* – сөйлеу барысында қалыптасып, сұрыпталған, тұрақталған айрықша типтік сигналдардың жиынтығы. Мәтіннің ең кішкентай бөлшегі – сөйлем. *Әңгімелеу мәтіні*: әңгімелеу типіндегі ақпарат динамикалы болады. Екі түрге бөлінеді: сюжетті-динамикалы және бейнелеуішті динамикалы. *Суреттеу мәтіні*: суреттеу типіндегі ақпарат статикалы мазмұнды ақпаратты жеткізеді. *Ойталқы (пайымдау) мәтіні*: ойталқы типіндегі ақпаратқа уақыттан тыс, жалпыланған-дерексіз сипат тән болады. Білім алушыларға тіліміздегі стильдерден білім мен дағды берудегі маңызды жаттығу жұмыстарының бірі – ол стильдік талдау жүргізу. Талдау жасату арқылы білім алушылар тіл стильдерінің қолдану аймағын, ойды жеткізу формасын және олардың тілдік құралдарын жете ажыратуға дағдыланады. Салыстырмалы анализ жасауға үйретуді неден бастауға болады? Салыстырмалы талдау жұмыстары оқушылардың мәтіннің түрі, мақсаты, мазмұны, стилі мен тілін талдай отырып, тіл теориясын кешенді түрде меңгеруі көзделеді.

Жазылым дағдысын қалыптастыру жолдарында жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы. Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі. Сауаттылыққа қатысты дағдылар, орфографиялық қатесіз жазу, әріптерді дұрыс және қосып жаза білу, пунктуацияны дұрыс қолдану, қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу, сөздерді дұрыс таңдай білу, грамматиканы дұрыс қолдану, сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу, абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу. Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар, стильді дұрыс таңдай білу, идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу, мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті

функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады. Жазылымда қарастырылатын тағы да бір екі аспект-үйлесімділік пен жүйелілік. *Үйлесімділік дегеніміз сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің логикалық үйлесімде болуы.* Ал үйлесімділік құралдарына үстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктер (ол, сол, бұл,); шылаулар (дегенмен, әйткенмен, себебі), т.б. жатқыза аламыз. *Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы.* Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

-әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр).

-ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау.

-шімай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру.

-түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру).

-тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу).

-дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым. Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни білім алушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым мәтіні, оның мазмұны, лексикасы, стилі және құрлымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер білім алушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді. Ал егер де педагог білім алушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процес *жазылым* деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге, соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастырту. Бұл білім алушыларды жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалайды, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал тұстары туралы ойлануға мүмкіндік береді.

2. 10-11 СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ РЕПРОДУКТИВТІК ЖӘНЕ ПРОДУКТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 10-11 сынып Қазақ тілі

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болғаны абзал. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну – өмір талабы.

Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «өмірмен байланыс» ұғымына құрылған, соған орай ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отырғаны аян.

Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген болатын, соған орай қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтары – қазіргі қолданып жүргені пән ерекшелігіне қарай оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден-бір жолы.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, келешек өмірден өз орнын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда елеулі нәтижеге қол жеткізуге болары анық.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында барлық төрт дағдыны қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі, не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді.

Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік

ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Тыңдалымға арналған сабақ құрылымы:

- Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы тірек сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

- Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

- Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар, сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Оқылымға арналған сабақ құрылымы:

- Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздердің мәнін ашу, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

- Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Бастапқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

- Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Оған қоса, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Жазылымға арналған сабақ құрылымы:

Жазылым – төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады, яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, ісқағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері), жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері, ақпараттарды орналастыру реті, мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары – продуктивті жазылым және жазылым үдерісі.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз, яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып,

мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керектігі туралы идеяны да береді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл да жазылым үдерісі деп аталады, толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларды жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- түзету және редакциялау (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
- дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осы дағдылардың арасында басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғы шарты тыңдалым әрекеті болып табылады, себебі күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп, тыңдайды. Кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну, сөйлеу әрекеттерін қалыптастырады.

Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі белгілі. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап, баяндауға тырысады және бұл істе айтарлықтай шеберлік танытады.

Табиғаты шапшаң балалардың жазылым дағдысы кешендеу дамитыны байқалады екен. Сондай-ақ, оқушының жазылым дағдысын арттыру барысында жазылған жұмыстар тексерілгеннен соң, келесі күні үздік жазған оқушыға жұмысын (эссе, ойтолғау) міндетті түрде аудиторияда оқуды ұсынған жөн. Басқа дағдыларды қалыптастырудың негізі тыңдалым әрекеті дегендей, өзге оқушылар тыңдай отырып, қайта жазу арқылы жазылым әрекетін қалыптастырады. Оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттары оқушылардың

айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамтып, белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы іске асырылады.

Қазақ тілі пәні оқушыларды жазбаша сауатты етіп шығаруды және осы тілде еркін сөйлеуді үйретуді мақсат етеді.

Оқу мақсаттарының маңыздыларына тоқтала кетсем, **тыңдалым мен айтылым дағдылары бойынша:**

-10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;

-10.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру;

-10.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау;

-10.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу;

-11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтау;

-11.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу;

-11.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау;

Оқылым мен жазылым бойынша:

-10.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

-10.2.3.1 - көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;

-10.2.3.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу);

-10.1.5.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу;

-10.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу;

-11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу;

-11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

-11.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау.

-11.2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйектер келтіру жолдарын білу;

-11.3.4.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазу;

-11.3.2.1 - таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу;

-11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

-11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу;

Енді осы репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым), продуктивтік (айтылым мен жазылым) дағды түрлеріне бірнеше тапсырма түрлерін ұсына кетейін.

10-сыныпта қазақ тілінен күнтізбелік-тақырыптық жоспардың ішіндегі «Тіл және Алаш идеясы», «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет», «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» бөлімдеріне байланысты тапсырмалар, оларға лайықталған критерийлер мен дескрипторлар әзірледім.

1-тапсырма: Мәтіндегі автор көтерген мәселеге өз көзқарасыңызды білдіріп, Алаш ардақтылары туралы жалғастыра айтыңыз және мәтінге 5 сұрақ құрастырыңыз, аудиториямен осы тақырыпта сұхбат ұйымдастырыңыз, сұхбатты бекітіп, бағалаңыз.

Оқу мақсаты: 10.1.5.1. Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау

Бұл оқу мақсатын алған себебім: оқушылардың Алаш ардақтылары туралы түсініктерін кеңейту және Алаш ардақтыларына деген құрметтерін арттыру, олардың ерен ерліктерін жадымызда сақтау, жас ұрпаққа үлгі ету, мәтінге сай сұрақ құрастыруларынын және оны бекітіп, бағалауларын , өз ойларын жүйелі, орынды, жинақы айту қабылеттерін дамыту.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен өз көзқарасын ескере отырып, сұрақтар құрастырып, бағалай алады, өз ойларын нақты, жүйелі жеткізе біледі</i>	<i>1. Мәтінде көтерілген мәселені түсінеді</i>
	<i>2. Мәтінге өз көзқарасын білдіреді</i>
	<i>3. Мәтінге байланысты сұрақтар құрастырады, сұхбат жүргізеді, бағалап, бекітеді.</i>

«Алаш ардақтылары аңсаған болашақ»

XVIII ғасырдың дәлділі, сөзінен майы тамған шешен Бұқар Қалқаманұлы өз толғауларында «Атамыз-Алаш, керегеміз-ағаш» деген қазақ халқының тәуелсіз, еркін болу жолындағы күресте ежелгі Алаш рухын қайта көтеріп, бостандық пен бірліктің ұраны етіп алады. Қазақтың бағы бола білген Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов зиялы қауымдары «Алаш» сөзімен қай-қай

жерде болмасын тағдырлас, өйткені тарих беттерінің келбеті ғана болып қоймай, тарихи құндылық пен өшпес бостандық бақытын сыйлаған заман қайраткерлері ретінде санамызда сақталмақ. Отанына деген өшпес махаббаттарының «машақатын» мұздай абақтыда атқарып, шолақ саясаттың нысанасы болып көзделіп, атылып кете барды...

Алаш идеясын құруда зиялы қауым бес түрлі мақсатты ту етіп алған-ды. Олар: жер, жердің асты мен үстіндегі байлық қазақтың игілігіне жұмсалуды қажет, қойдың үстінен қырқылған бір уыс жүн қазақтың үстіне тоқыма болып тоқылуды тиіс, тіл, дін және діл үстемдігі, ұлттық дәстүр мен тәуелсіз ғылымға негізделген, заңға сүйенген ұлттық демократиялық мемлекет құру еді. Осы бес мақсат аясында олар отқа да жанды, суға да батты, тіптен «халық жауы да» атанды. Мәселен, Әлихан Бөкейханұлы «Жерсіз Отан жоқ. Қашан қазақтың өзі өркениетке ілігіп, техниканың тілін меңгергенше, жерді жекеменшікке беруге болмайды» деген болатын.

Қорытындылай келе, Алаш ардақтылары аңсаған болашақтың бағдарына жетуге жұмылған жұдырықтай әрекеттенсек, олардың ойларындағы еуропалық партиямен қатар, демократиялық тәуелсіз ғылым көшбасшысын бастаған ел болар едік. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыздың нақылымен, зиялы қауым сыйлаған бостандық пен еркіндіктен айырылмайық.

<https://bilimger.kz/136904/>

2-тапсырма: *Өлең үзінділерін тыңдай отырып, көтерілген мәселені болжап, тақырыпты түсінгендігіңді дәлелдей отырып, ары қарай өрбітіп, тақырып бойынша білетіңізді де қоса, жалғастырып айтыңыз, асты сызылған сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз.*

Оқу мақсаты: 10.1. 1. 1. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының халқымыз үшін орны бөлек, маңызы зор екенін нақтылау және бұл тақырып төңірегінде өздерінің білетіндерін де айтқызу, біліктерін тиянақтау, сөйлем талдау жағын одан әрі жақсарту.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтін үзінділерін тыңдап, болжам жасай алады, өз біліміне сүйеніп, тақырыпты жалғастырып, сөйлемді талдай біледі.</i>	<i>1. Мәтінде көтерілген мәселені болжайды</i>
	<i>2. Мәтіндегі тақырыпты жалғастырады</i>
	<i>3. Сөйлемге морфологиялық талдау жасайды</i>

Мұхтар Шаханов
Желтоқсан алаңы (үзінді)

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпейдер.
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,

Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
 Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,
 Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер,
 Жатты мұнда естен танып күзге айналған көктемдер.
Жас бүлдіршін, мұз құрсаңған шыршаларға қарап өт,
 Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт.
 Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,
 Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп.
 Жоқ!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,
 Тұрған солар аяз сорған қызыл беттің ары боп,
 Дәуірінің тауығына шашылған тары боп.
 Дүниені дүр сілкінткен жас толқынның саналы
 Даңқын ешкім, ешкім бүркей алмас. Оны да еске салады
 Желтоқсанның бас алаңы, қайсар рух алаңы.

3-тапсырма: Мәтінмен танысып, осы тақырып аясында өз ойыңызды көркемдеп, әдепті, шешен тілмен сөйлеп жеткізіңіз, отбасылық тәрбиенің маңызын шағын етіп, отбасылық өмірден алынған тәлімі бар бір қысқа көріністі сахналап, мүмкіндігінше образға еніп, актерлік шеберлікті де көрсете суреттеңіз.

Оқу мақсаты: 10.1.6.1. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу

Бұл оқу мақсатын алған себебім: мәтін арқылы оқушыларға отбасы құндылықтарының мән-маңызын тереңірек ұғындыру және оқушылардың осы тақырыпқа көсіле, шешен сөйлеулеріне мүмкіндік беру, сонымен қатар күнделікті шынайы тіршіліктен мысал ретінде шағын көріністі сахналату, сол арқылы отбасылық сыйластықты, ауызбіршілікті нығайтуға ден қою.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтінді тыңдап, осы тақырыпта көпшілік алдында әдепті де шешен сөйлей, актерлік шеберлігін таныта алады, тыңдаушыларға ықпал ете біледі</i>	<i>1. Мәтіннің тақырыбын түсінеді</i>
	<i>2. Әдепті және шешен сөйлейді</i>
	<i>3.Өз сөзімен тыңдаушыларға әсер етеді,актерлігін көрсетеді.</i>

Қазақ халқының дәстүрлі отбасылық құндылықтары

Атасы мен әжесінің «айналайынынан» нәр алып, әкесі мен анасының мейірімін сезініп жетілген баланың иманды, көргенді, көпшіл болып өсетіні анық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бабаларымыз текке айтпаған, ананың сүтімен, әкенің қанымен бойға сіңген қасиет жеткіншектің алдағы өмірінің бағдаршамындай болады.

Ұлттық құндылықтардың бастауы – отбасы. Әке – отбасының тірегі болса, ана – берекесі. Көзін ашқаннан көргені мен естігені бала жадында тасқа басқан хаттай жазылып қала беретіні анық. Бақытын баладан іздейтін ата-

ана «не ексе, соны оратынын» біліп, өзінің әрбір сөзі мен әрекетіне мән берген. Қазақта «уызына жарымаған» деген сөз бар. Алғашқы сүт-уызды тойып ембеген қозының ет алып, оңалуы қандай қиын болса, отбасынан оңды тәрбие алмаған баланың дұрыс өсіп-жетілуі сондай қиын. Отбасылық, ағайындық, туыстық қарым-қатынастарды үйрететін, қазақ шаңырағына ғана тән, жазылмаған қағидалар – әдептілікке тәрбиелеудің үлкен мектебі.

Әйел–табиғатынан адалдыққа, кірпияздыққа бейім және мейірімнің бұлағы. Ол – осындай ізгі қасиеттерімен тектіліктің, ізгіліктің үлгісі, сондықтан әйелдерге қойылатын талап қашан да жоғары. «Алып анадан, арғымақ биеден туады» дейді халқымыз.

Аналарынан үйреген өнегені өз балаларына, немерелеріне үйретіп, дәстүрді сабақтастыру арқылы алтын көпір болу – ұрпағының келешегін ойлайтын әрбір қазақ әйелінің міндеті. Көкірек көзі ашық, парасат-пайымы терең, ақылдың кені аналарымыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, «айналайынымен» санамызға сіңген, биязы да жұмсақ үнімен жүрегімізге орныққан ақыл-кеңестері өмір қиындықтарынан сүріндірмей, бізді тек алға жетелейді. «Көретін – қызығым, жейтін – жемісім, атар таңым – сендер» деген ананың үкілі үмітін арқалаған перзенттің бөтен ойы, жаман пиғылы болуы мүмкін емес... «Ел сендерге қарап, бізге баға береді» деу арқылы иығымызға үлкен жауапкершілік артып, сенімді ақтауға ұмтылдырады.

«Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деп қазақ текке айтпайды, өйткені бүгінгі – ару, ертеңгі – ана. Әйел-ана – жақсы болса, бір әулеттің шамшырағы, жаман болса, қасіреті. Ағайынның арасын жақындатып, ерінің мерейін үстем етіп жүретін әйелдің ұялтпайтын ұрпақ тәрбиелейтіні де шүбәсіз.

Ата-бабаларымыздан бастау алып, сан ғасырлар бойы адамгершілік пен ізгілікті дәріптеген қазақтың ұлттық дәстүрлері келешек ұрпақ үшін де рухани азық болып қала берері хақ, себебі шынайы шындық пен иманға негізделген құндылықтар еш уақытта құнын жоймай, жасампаз бола береді. Ол үшін рухани бұлақтың бітеліп қалуына жол бермей, «қолымызды мезгілінен кеш сермемей», ұрпақтарымызды сол «бұлақ суынан» қанып ішуге жағдай жасауымыз керек.

<https://abai.kz/post/40162>

4-тапсырма: Мәтінді мұқият оқып, түсініп, одан соң негізгі ақпаратты іріктеп, жадыңызға да тоқи отырып, түртіп жазып алыңыз, яғни қысқаша конспектілеңіз.

Оқу мақсаты: 10.2.3.1. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу);

Бұл оқу мақсатын алған себебім: мәтіннен негізгі ой мен мәнді тұстарын іріктеп, оны жаза отырып, естерінде сақтап, көңілдеріне түйіп алуларына ықпал ету.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
Мәтінді мұқият оқып, түсініп, негізгі	1. Мәтінді мұқият оқиды, түсінеді

<i>ақпаратты іріктей алады және оны түртіп қысқаша жаза біледі</i>	<i>2. Негізгі ақпаратты іріктейді</i>
	<i>3. Түртіп (конспектілеп) жазады</i>

Қазақтың шешендік сөздерінің халықтық сипаты

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Академик В.В.Радлов(ХІХ ғ.): «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейнебір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе, қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік сөздерді оқып-үйрену – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, өйткені тіл тазалығын сақтау, ана тілін сүю, шебер сөйлеуге машықтану, көпшілік алдында сөйлей білу, өз ойын жеткізе алу халық өнерінен білім алумен тікелей байланысты.

Асыл маржан ару мойнына, алмас қылыш ер мойнына жарасатыны сияқты сөз асылы да өз ортасында құнды.

«Шешен» сөзі қазақ тілінде ертеден қолданып келеді. Бұл сөздің мағынасы данышпан, ақылгөй, дана деген ұғымдармен өзектес. «Шешен» сөзі қазақ тілінде «сөзшең», «айтқыш», «тапқыр», «суырыпсалма», «ділмар», «қызыл тілге жүйрік» дейтін сөздермен қатар қолданыла береді. «Шешен» сөзін халықаралық терминмен атасақ, «оратор» деген сөз.

<https://www.u-s.kz/publ/1580-azaty-sheshendk-szdern-halyty-sipaty.html>

5-тапсырма: Мәтінді абзац пен бөліктерге бөліп, ойыңызды жүйелеп, мәтінге түзетулер енгізіп, редакциялаңыз, яғни қайта дұрысын жазыңыз, содан соң қарамен жазылған сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

Оқу мақсаты: 10.3.7.1. Жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: мәтіндегі әр жаңа ойды анықтап, абзацтарға бөлігізіп, мәтіндергі ақпаратты түйсіне білуге бағыттау, мәтіндегі қателерді түзетіп, редакциялату, яғни дұрыс нұсқасын қайта жаздыру арқылы сауаттылықтары мен біліктерін дамыту.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтінді мұқият оқып, абзац пен бөліктерге бөліп, ойын жүйелеп, негізгі ойды анықап, түзетулер енгізе біледі, мәтінді редакциялап, дұрыс нұсқасын</i>	<i>1. Мәтінді мұқият оқиды</i>
	<i>2. Абзац пен бөліктерге бөледі</i>
	<i>3. Мәтінді түзетеді</i>
	<i>4. Мәтінді редакциялайды</i>

қайта жазып, фонетикалық талдау жасай алады	5. Дыбыстық талдау жасайды
---	----------------------------

Әр кезеңнің өз экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктері болады. Соған орай мамандық түрлерінің маңыздылығы да өзгеріп отырады. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны сүйе білу керек ынта қойып, қызыға меңгеру керек. Қазақта: «Ата көрген – оқ жонар», ана көрген – тон пішер», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген мағынасы терең мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Әрі бұл – бүтіндей бір халықтың өмірлік тәжірбиесін бір арнаға тоғыстырған өскелең ұрпақты қаршадай кезінен бастап қандай бір кәсіпке баулудың өзіндік бағыт-бағдары екені даусыз. Ежелден бері ұста, зергер, етікші, атбегі, құсбегі саяткер т.б көптеген кәнігі кәсіби шеберлер өз өнерлерінің құпия, қатпарларын көлденең көг аттыға жайып сала бермеген. Олар қашанда қабілет-бейімі бөлекше ұл-қыздарының біріне немесе өздеріне өте жақын қолының ебі бар балаларға ғана өз кәсібінің қырсырын үйретіп өмірлік аманат ретінде қалдырып отырған. Өнерлі ата ана осыны қазірден бастап өскелең ұрпақтарының құлағына құя бергенінің ешбір айыбы жоқ деп ойлаймын. Бұл біздің халқымызда ғана емес, дүние жүзі халықтарында бар өнеге.

<https://www.tarbie.kz/26138>

6-тапсырма: Мәтінді бірнеше рет оқып, түсіне отырып, негізгі ақпаратты іріктеп, мәтіндегі ақпараттан есіңізде қалғанын жатқа жазыңыз, одан соң асты сызылған сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Оқу мақсаты: 10.2.3.1. Оқылым және жазылым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (жатқа жазу)

Бұл оқу мақсатын алған себебім: білім алушыға берілген мәтінді бірнеше рет оқытып, мәтіндегі ақпаратты іріктетіп, есінде қалғанын жатқа жаздыру, асты сызылған сөйлемге синтаксистік талдау жасату арқылы білімін пысықтау, сонымен бірге мамандық туралы біліктерін кеңейту.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтінді бірнеше рет мұқият оқып, негізгі ақпаратты іріктеп, жатқа жаза алады және сөйлемге синтаксистік талдау жасай біледі.</i>	<i>1. Мәтінді бірнеше рет мұқият оқиды</i>
	<i>2. Негізгі ақпаратты іріктейді</i>
	<i>3. Жатқа жазады</i>
	<i>4. Сөйлемге синтаксистік талдау жасайды</i>

Кеше ғана ата-ананың аялы алақанында, ұстаздарыңның қамқорлығында болып келген сіздердің ендігі жерде өмірден өз орындарыңызды тауып, қоғамға пайдалы еңбекпен айналысатын белсенді азамат болуларыңыз – өмірлік парыз. Бұл ретте, сіздердің алдарыңызда өмірлік мәні бар үлкен бір белес, жауапты міндет тұр. Ол – өз білімдеріңізді жоғары дәрежеде дәлелдеп, ұлттық бірыңғай тестілеуден

жоғары нәтиже көрсетіп, белгілі бір мамандықты дұрыс таңдай білу және оны меңгеру. Мамандықты дұрыс таңдау адамның бүкіл болашақ тағдырына тікелей әсер етеді. Бұл ретте мамандық таңдау дегеніміз – тағдыр таңдау десе де болғандай.

Жастарға албырт ой, ұшқыр сезім тән келеді. Әркімнің неше түрлі мамандықтарды игергісі келеді, бірақ солардың ішінен қайсысының басын ұстарын білмей, қиналатыны бар. Ең жақсы мамандық қайсы? Оны қалай еткенде дұрыс таңдауға болады? Оны тез меңгеріп алудың жолы қандай? Шынында да, қазіргі заманда ғылыми-техникалық прогрестің ғаламат өсуінің нәтижесінде еңбектің мамандандырылу дәрежесі соншалықты артып, шырқау биікке шарықтап кеткен кезінде мамандықтың түрі көп. Ғалымдардың есептеуі бойынша қазір мамандықтың 390000-нан астам түрі бар. Соның 15000-нан астамы жұмысшы мамандығы. Олай болса, әркім ұшықиыры жоқ мамандық түрлерінің қайсысын қалап, қайсысын ұстауы өз таңдауларында.

<https://www.tarbie.kz/26138>

11-сыныпта қазақ тілінен күнтізбелік-тақырыптық жоспардағы «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер», «Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер» бөлімдері бойынша тапсырмалар, оларға арналған критерийлер мен дескрипторлар.

1-тапсырма: Мәтінді оқып, көтерілген мәселені, яғни автордың ұстанымын өзіңіз мүмкіндігінше талдап, ғылыми негіздемелеріңіз болса келтіріп, негізгі ойды анықтаңыз және көпшілікке жіті түсіндіріңіз.

Оқу мақсаты: 11.1.4.1. Мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: мәтінде көтерілген мәселенің еліміздің тарихы екенін түйсініп, ол мәтіндегі автордың айтайын деген ойына, негізгі ойға ден қою және оны түсіндіріп, түйіндей жеткізуіне мән беру.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтінді мұқият оқып, көтерілген мәселені талдап, негізгі ойды, автор позициясын анықтай алады және түсіндіре біледі</i>	<i>1. Мәтінді мұқият оқиды</i>
	<i>2. Көтерілген мәселені талдайды</i>
	<i>3. Негізгі ойды, автор позициясын анықтайды</i>
	<i>4. Ойын жеткізе сөйлейді</i>

XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі.

Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді, бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай, Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады.

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы – «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі.

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымыз.

<https://sputnik.kz/20211109/kiyiz-ui-turaly-18584462.html>

2-тапсырма: Мәтінді мұқият оқып, түсініп, тақырыбына болжам жасап, осы тақырыпты өз ойыңызбен ұштастырыңыз, мәтіндегі тиісті ақпараттарды анықтап, ойыңызды жеткізе, тарқатып айтыңыз.

Оқу мақсаты: 11.1.1.1. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтау.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: Өлең мәтіні арқылы оқушылардың Отанына, халқына деген сүйіспеншіліктерін арттырып, мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтауға, жадыларында сақтауға, ойларын тарқатып сөйлей білулеріне әсер ету.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
Мәтінді мұқият оқып, көтерілген мәселені болжай алады және тиісті ақпаратты анықтай біледі	1. Мәтінді мұқият оқиды
	2. Көтерілген мәселені болжайды
	3. Тиісті ақпаратты анықтайды, өз ойын қоса айтады

Исраил Сапарбай

Қазақты жаңаша таныстыру

Қазақтың құшағы кең Даласындай!

Көріп пе ең көлпар елді дәл осындай?!

Өмірі – өткендердің өткеліндей,
Көңілі көк пен жердің арасындай!
Саз кернеп өне бойын сардаланың,
Жеткізген жер түбіне арман-әнін.
Сібірлеп атқан таңнан,
Батқан күннен
Қыдыр деп қабылдаған әр қонағын.
Көлденең көкаттыны жат санамай,
Алдыңнан ақ жарылған ақ босаға-ай!
Ерінбей ел қыдырған ерің де сол
Астынан алты ай бойы ат босамай.
Қазаққа тар келеді қай қала да,
Қайран-ай, қайда жайлау?
Қайда дала?..
Тәңірдің талбесігі – таңсәріден
Аңсарың ауып тұрар айдалаға...
Қолындай Қарымбайдың қалтылдаған,
Сараңның айтпай-ақ қой салтын маған.
Мейманның сыбағасы қап түбінде,
Қап түбі қазан барда сарқылмаған!
Хауа ана қауызынан жаралғалы,
Қазақтың бір азығы – ағарғаны.
Ошақтың оты өшпеген,
Обыр, жебір...
Орыстың қаптаса да қара орманы!.
Ұлы жұрт,
Ұлан-ғайыр,
Ұлан Дала.
Жетеді қыранға да, құланға да!
Қазанның тұтқасына ие болған,
Қазақтың несібесі бір Аллада!
Астынан алты қырдың таң атқандай,
Таң нұры тауға алтын жалатқандай!
Сол Алла ағыл-тегіл пейіл беріп,
Қазақты Атымтай ғып жаратқандай!
Бұлбұлдың кімге керек тордағы әні?
Самал да сағынбай ма сардаланы?!
Тағдырын Алласына табыстаған
Азат ел әлімсақтан сол болады!
Өтеді,
Өтеді әлі заман қанша...
Артында, арманың не, балаң қалса?!
Қазақтың Тайқазаны жұтамас-ау,

Сол Пейіл,
Сол Атымтай аман болса!..

3-тапсырма: Көрсетілген тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстардың бірін таңдап, (өлең, хат, әңгіме, шығарма) жазыңыз

Тақырыптар: «Қазақстанның өткені мен келешегі», «Бейбітшілік – ұранымыз», «Мен таңдаған мамандық», «Алтын ұям – мектебім», «Тілім – тірегім, елім – жүрегім»

Оқу мақсаты: 11.3.6.1. Әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: оқушының әртүрлі тақырыптарға шығармашылық жұмыстарды көркемдегіш құралдармен әрлеп, көркем етіп жазуын дамыту.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Шығармашылық жұмысты әртүрлі тақырыпқа көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, жазып, ұсына алады</i>	1. Шығармашылық жұмыс жазады
	2. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады
	3. Сапалы шығармашылық жұмыс ұсынады

4-тапсырма: Мәтіндердегі ақпараттарды оқып, түсініп, көтерілген мәселе бойынша «Ата салтым – ардақтым» тақырыбына эссе жазыңыз. Эсседе өз ойыңызды нақты мысал-мәліметтермен дәлелдей жазыңыз.

Оқу мақсаты: 11.3.4.1. Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазу.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: оқушы мәтіндерден салт-дәстүріміз туралы құнды мәліметтер ала отырып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазуына, онда нақты мәліметтер келтіре алуларына ықпал ету, сауатты жазуына, эссе құрылымын, ережесін сақтауына баса көңіл аударту.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жаза алады</i>	1. Мәтіндерден қажетті ақпараттарды оқып, алады
	2. Көтерілген мәселені ұғынады
	3. Өз ойын дәлелдеп, эссе жазады

Ата-ана арманы

Қазақ – ерекше балажан халық. «Бесіксіз үйде береке болмайды» деп отбасының қызық-қуанышын, береке-құтын баламен байланыстырады. «Балалы үй – базар» деп баласының көптігінен үйі базардай шуға толып, миы ашып жатса да, ырым етіп баласының санын бадырайтып айтпаған. Біреу сұрай қалса: «Құдайға шүкір, біраз жаман қаралар бар ғой», – деп сырғыта жауап берген.

Ата-ана ұлы ержеткенде отау көтеріп, оң жағын қызартып, келін түсіруді армандайды. Тіршілікте жұмырбасты тірі пенденің арманы таусылған ба, келін түсіріп, басына бас қосылған соң, баласын қанаттандырған соң, енді оның баласын көксейді. «Балам –балым, баламның баласы – жаным» деп, еріні тұшынып, немере сүюді аңсайды. Жаңа түскен келінге қойдың ұлтабарын жегізіп, ырым етуі де – сол ақ ниетті ізгі арманның бір көрінісі. Қариялар жас келіннің сәлеміне, өзге де келін құрметіне: «Көп жаса, үбірлі-шүбірлі бол, қарағым!» – деп, әжелер: «Ұл тап! Етегің баладан кеппесін!», «Қазаның булы, жөргегің сулы болсын!» – деп бата беруі де адам өмірінде ұрпақтың қаншалықты маңызды екенін білдірсе керек.

Балаға ат қою

Қазақ халқының ерекше көңіл бөлетін ғұрыптарының маңыздысы – өмірге жаңа келген нәрестеге ат қою. Әрбір ата-ана өзінің көз нұры, қолқа-жүрегі санаған баласына әдемі әрі мағыналы ат қоюды қалайды. Ізгі ниеттен бастаған шешендердің, қара қылды қақ жарған әділ билердің, дәулескер күйшілердің, шашасына шаң жұқпаған ақын-жыраулардың атын қоюға пейілді болған. Бірақ әулие-пірлердің атын қоймаған. «Балаға ауыр болады, киесін көтере алмайды» деп, астамшылықтан сақтаныпты.

Балаға ат қойғанда, кез келген адамға емес, тағы да сол ырым етіп, көпті көрген ел ағаларына, айналасына сыйлы, аузы дуалы ақсақалдарға сәбиінің есімін қойғызып, батасын алуды мәртебе санаған. Халқымызда азан шақырып ат қою – парыз. Баланың атын қоярда үш қайтара: «Аллаһуакбар!» – деп азан шақырылып, содан кейін баланың құлағына таңдалған есімді: «Сенің атың...!» – деп үш рет қайталайды. Баланың құлағына осы ат сіңеді, зердесіне тарайды деген наным. Осыған орай: «Адамның өмірі азан мен намаздың арасы», – дейді мұсылмандар. Оның мәні – ат қойғанда, азан шақырылады, бірақ намаз оқылмайды, адам өмірден озғанда, намаз оқылады, бірақ азан шақырылмайды. Мұны да білген жөн.

Бесік жыры

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Қолымыздан іс алып,
Мойыныңа күш алып,
Бізді бағар ма екенсің?!
Құйрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?!
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?!
Таңдайларың тақылдап,

Сөзінді жұрт мақұлдап,
 Шешен болар ма екенсің?!
 Кең балағын түріскен,
 Ұлы топта күрескен,
 Палуан болар ма екенсің?!
 Бал қайнатып, шай ішкен,
 Қазы кертіп, жал жеген,
 Асты болар ма екенсің?!
 Ұзақ жасап көбірек,
 Басты болар ма екенсің?!
 Еңбек етіп бар елге,
 Мәлім болар ма екенсің?!
 Талай қырдан өтерсің,
 Мақсатыңа жетерсің.
 Ұйықтай қойшы, бөпем-ай,
 Әлди,әлди, әлди-ай!

5-тапсырма: Берілген мәтінді оқып, түсініп, көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстардың (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) бірін таңдап, яғни өзіңнің қалауыңыз бен шығармашылық таңдауыңызға орай жазыңыз, сонымен бірге өз білетін батаңызды шығармашылық жұмысқа қосыңыз.

Оқу мақсаты: 11.3.6.1. Өртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу.

Бұл оқу мақсатын алған себебім: білім алушының берілген мәтіндердегі ақпараттарды түсіне отырып, сол тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды пайдалана шығармашылық жұмыстың бірін өз қалауы мен икеміне сай тандап, сауатты, талапқа сай жазуға ынталандыру, яғни шығармашылыққа баулу.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Шығармашылық жұмысты бір тақырыпқа берілген мәтінді негізге алып, көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, жазып, ұсына алады</i>	<i>1. Шығармашылық жұмыс жазады</i>
	<i>2. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады</i>
	<i>3. Сапалы, сауатты жазылған шығармашылық жұмыс ұсынады</i>

Қайтып кірер есікті қатты серіппе

Орта жүз Қошқарұлы Жәнібек он үш жасқа келгенде ұлы жүзде Қараби деген аузы дуалы, өзі білімді би бар деген даңқын естіп, содан барып бата алуға жолға шығады. Ол қазақ пен қалмақтың жауласып жатқан кезі болса керек. Бұлардың барар жолын қалмақтар басып алып, олар өте алмай үйіне қайтып келіп үш жыл жатады.

Төртінші жылда жол ашылып, Жәнібек он алты жасында Қарабидің еліне келеді.

— Шырағым, кімнің ұлысың? — дейді Қараби.

— Қошқарұлы Жәнібекпін, — деп жауап береді бала.

— Мен сені осыдан үш жыл бұрын күтіп едім, неге кешіктің?

Жәнібек себебін айтады. Қараби қонақасын беріп, ертеңіне:

— Не қалайсың, шырағым? — дейді.

— Сізден бата алайын және өсиет боларлық өз аузыңыздан сөз естиін деп келіп едім, — дейді Жәнібек.

Сонда Қараби батасын беріп былай деген екен:

Бедері жоқ қамқадан,
Берік тоқылған бөз артық.
Берекеті жоқ ағайыннан,
Берік сөйлескен жат артық.
Пайданы алыстан қылғайсың,
Залалды жақыннан қылғайсың,
Тышқан да інінің айналасына оттамайды,
Оны да есіңе алғайсың.
Қайтып кірер есікті
Қатты серпіп жаппағайсың.
Қайтып көрер досыңа
Қайрылмастай сөз айтпағайсың.
Осыны есіңе ала жүрсең, ешкімнен
Кем де, қор да болмайсың.

Педагогтің коммуникативтік мәдениеті оның коммуникативті дағдысы мен коммуникативтік қабілетін танытады. Педагогтің коммуникативті дағдысы өз эмоциясын ұстай білуі, қарым-қатынас жасауда жетекші рөл атқаруы, білім алушының психологиялық ерекшелігін білуі, олардың көңіл-күйін дер кезінде аңғаруы, жіті бақылай білуінен көрінеді. .

Сөйлеу мақсатына тиісті грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың сөйлеуге қатысуы шарт және ол көп жағдайда дайындықсыз сөйлеуге, бұрынғы меңгерген грамматика, лексикалық формаларды автоматты түрде қолдануға жетуі керек деген сөз. Оқушы өз ойын еркін жеткізе алу үшін оған қажетті лексикалық және грамматикалық минимум алдын-ала анықталып тапсырылады. Бұл тілді функционалдық тұрғыдан үйрету сипатына жатады.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Оқушының тиісті лексикалық қоры, сондай-ақ грамматикалық білімі болумен бірге, оны сөйлеу әрекетінде қолдана білуі керек. Сөйлеу әрекеттері, негізінен, белгілі бір мақсаттағы жағдаяттар, жүйелі модульдер, ауызекі жауаптасу, сұрақ-жауап жағдайларында жүзеге асады.

Коммуникативтік әдістерге жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс түрлерін айта кетуге болады.

Коммуникативтік әдістердің негізгі белгілері мыналардан құралды:

- 1) тілдік бағыттар
- 2) функционалдык
- 3) оқиғалық
- 4) жаңашылдық
- 5) қарым-қатынастық дербестік бағыттар

Коммуникация сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағына білдіре келіп, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Осыдан барып «коммуникабельдік», «түсінушілік» деген сөздер мен ұғымдар пайда бола бастады. Коммуникация – қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді. Коммуникативтік оқыту үдерісінің тілдік бағытын білдіреді, ол дегеніміз – коммуникативтік әдістемеді «сөйлеу», тіл дамыту жұмыстарының бір түрі ретінде және қарым-қатынас құралы ретінде үйретудің басты принциптерінің бірі болып табылады деген сөз.

Қай сыныпта болмасын, оқытудың коммуникативтік мақсаты негізге алынады. Оқулық бағдарламасы оқушылардың өтілген тақырыптарға сәйкес ауызекі сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған, ал коммуникативтік әдіс оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі пәнін оқытудың жалпы мақсаты – түрлі сөйлеу жағдаятында ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативтік білігі мен дағдысын игерген тілдік тұлғаны қалыптастыру. Коммуникативтік дағдыларды дамыту жұмыстары оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіреді, тілдік қорын байытады, өздігінен жұмыс істей алу қабілетін арттырады, шығармашылық жұмыстарды (эссе, хат) сапалы жазуда көп көмек береді. Қазақ тілі сабағын жаңа деңгейлік жүйеге негізделген оқулықпен оқыту барысында оқытудың кешенді әдістері – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым өзара бірлікте қолданылатыны мәлім. Кез келген тәжірибелі мұғалім өз сабақтарында осы әдістерді жүйелі қолданары сөзсіз. Бұл әдістерді жүзеге асыру барысында әр мұғалім жаңа әдіс-тәсілдердің түрін өз қалауынша таңдайды.

Жаңартылған білім беру аясындағы күнделікті сабақ барысында, бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарында жиі кездесетін тапсырмалардың бірі – хат немесе эссе жазуға дайындық кезеңінде коммуникативтік технологияны оқытудың кешенді әдістерімен байланыстыра қолданған жөн. Жаңа тақырыпты меңгеру барысында тыңдалым әдісінің маңызы зор. Бұл арада мәтінмен жұмыс кезеңдерінің жүйесін сақтау – шарт. Оқушымен мәтіналды жұмыс жүргізгеннен кейін, мәтінді тыңдату арқылы мазмұнын есте сақтау қабілетін арттырамыз. Топтық жұмыс барысында (айтылым) оқушылар өзара бір-бірімен тілдесе отырып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда бірлесе әрекет етеді, өз ойларын ортаға салады. Тақырыпқа ұқсас мәтіндерді оқу (оқылым), талдауда мәтінге тақырып қою, бірлесе жоспар құру жұмыстары да оқушылардың қызығушылықтарын оятады. Суреттер бойынша ауызша әңгіме құру, жағдаяттарды шешу, оқиға себебін анықтау жұмыстары оқушылардың қиялын дамытып, ойларын сан-саққа жүгіртеді. Бұл жағдайда

оқушылар айтар ойын өмірдегі кездесетін оқиғалармен байланыстырады, яғни коммуникативтік дағдыларымен қоса оқушылардың функционалдық сауаттылығын да қатар дамытамыз. Осыдан ортақ ой түйіндегенде, жазылатын эссенің тақырыбы да айқындалып, жоспары құрылады. Тақырыпқа сәйкес қолданылатын зат есімдер, сын есімдер, етістіктерді тағы басқа сөздерді топтастыру мақсатында постер құрып, оны қорғау сайысы да шәкірттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Коммуникативтік дағдыны дамыту барысында оқушының жазу мәдениетін арттыруды да есте сақтаған абзал.

Қорыта келе, жаңа технология элементтерін және оқытудың кешенді әдістерін сабақ үрдісінде жүйелі пайдалану оқушының шығармашылық қабілетінің артуына, коммуникативтік дағдыларының дамуына және өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік әдісті пайдалану пәнде қарастырылатын негізгі мақсаттарды өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру және оларды жағдаяттарға сай дұрыс қолдана білуді үйренуді, оған қоса өзінің ойын ауызша және жазбаша формада сауатты құрауға, ойын сыртқа ауызша және жазбаша шығаруға, әдеби тілдің нормаларын саналылықпен қолдана отырып, сөйлеу барысында тіл табысу тәсілдерін игеруді жүзеге асырады.

Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан заманда біздің алдымызда жас ұрпақты болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, оқушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдылары деген жалпылама атауға ие болған дағдыларды қалыптастыру міндеті тұрғаны баршаға белгілі. Бұл дағдылар пән бойынша білім, нақты дағдылар, сауаттылық пен тәжірибені қамтиды. ХХІ ғасырдың әрбір дағдысын меңгеру үшін бүкіл оқушыларда пән бойынша академиялық білімнің болуы талап етіледі. Пән бойынша терең академиялық білімнің арқасында адамдар сын тұрғысынан ойланып, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасай алады. Пән бойынша академиялық біліммен қатар, оқушылар қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, мәселелерді шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды да меңгеруге тиісті. Осы аталған дағдыларды білім алушылардың бойына сіңіріп, сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастыра білген, келешегі жарқын жас ұрпаққа өз дәрежесінде білім мен тәрбие беру, әрине, ұстаздардың қолында екені сөзсіз.

Бүгінгі заман талабына сай жеке тұлға қалыптастыруда, әр оқушының қабілетін танып, дамытып шыңдауда ұлттық мәдениетті, ұлттық педагогиканы, халық мұрасын пайдалану арқылы намысты, имандылық пен ізгілікті, рухани байлықты қастерлейтін, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарап, өз көзқарасын білдіре алатын, Отанын қорғай білетін азамат пен азаматша тәрбиелеудің маңызы зор. Білім беруде ұлттық мектебіміздің қадірін арттыратын, сапалық деңгейін көтеретін жаңашыл үрдісті жоғары деңгейде жүзеге асыру ұстаздар алдындағы үлкен міндет болып тұра берері анық.

2.2 10-11 сынып. Қазақ тілі мен әдебиеті

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасының басты мақсаты – білім алушыларды сындарлы оқытуға үйрету, өз бетінше ізденіп оқыту, барлық білім кеңістігіне ізденіп, инновациялық әдіс-тәсілдерді терең меңгерту. Ғылым мен технологияның заманында қоғамның дамуына байланысты білім саласы да күннен-күнге даму үстінде. Мектептерде жаңа технологиямен қамтамасыз етіп, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, білімдерін жетілдірді. Жаңартылған білім берудің әдістері: сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары қолдану. Заманауи оқытудың мақсаты оқушыларды өмірге бейімдеу, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау екені даусыз. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімдер қауымы шығармашылықпен жұмыс істеуі керек. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты (жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту үшін, жұмысымызды жаңашаландыру – жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан.

Осыған орай, негізінен репродуктивтік және продуктивтік әдістердің орны ерекше.

Репродуктивтік әдістер – бұл оқытудың қолданыстағы әдістің бір түрі, оқулықтағы немесе ғаламтордан алынған ақпаратты, дайын дидактикалық материалдарды қолданып сабақ өткізу немесе көшірмелік әдіс арқылы мұғалім оқушыларға даяр материалды пайдаланып білім алушыға білімнің мазмұнын жеткізеді. Көркем шығарма мәтінін оқу, оның мән-мағынасын түсіндіру, түрлі талдаулар жасау, берілген тапсырмалар орындау жұмыстары репродуктивтік әдіс арқылы жүзеге асырылады.

Жаңа сабақ түсіндіргенде репродуктивтік әдісті үнемі қолдасақ, білім алушы жалығады. Репродуктивтік әдіс догматикалық қатып қалған әдіс емес, өзгеруге болмайды деп түсінбеу керек. Әдеби шығармаларды оқуы, түсінуі, меңгертілуі тиіс көркем туындылардың мәтіні, өлеңнің негізгі көркемдігі, сөздердің ұйқасы, кейіпкердің сөздері, драмалық туындыдағы кейіпкерлерінің сөздері, әдеби тілмен берілуі және оның мағынасы, негізгі ойы – барлығы есте сақтауды талап ететін, механикалық түрде жаттандылықты талап ететін сипаттағы оқу материалдары болып саналады. Сондай-ақ, шығарма немесе өлең мазмұнын түбегейлі толық сыныппен бірге көркем шығарманы талдау, жаттау, әңгімелеу, мазмұндау сахнада көрініс қою да, сабақ барысында барлығы да даяр мәтін бойынша жүргізіледі. Оқушылардың ойлауын дамыту үшін мұғалім көркем шығарманың даяр мәтінін пайдалана отырып, түрлі проблемалық жағдаяттарды тауып, оқушылардың шығарманы саналы түрде меңгеруіне, бірегейлі, жүйелі және керекті жұмыстар жүргізеді.

Бүгiгi таңда репродуктивтiк әдiспен қатар басқада нысана, әдiстердi iздeнуiмiз керек. Сол әдiстердiң бiрi- продуктивтiк әдiстер.

Продуктивтiк әдiстер – оқушының әдеби шығармаларды оқып, меңгеруi барысындағы өзiнiң көзқарасын бiлдiруге, бәсекеге қабiлеттi болуға машықтандыратын, жаңашылдыққа ұмтылысын ынталандыратын, өзгерiске толы заманның ағымында тез бағдар таба алатын, мәтiннiң өзектi мәселесiн көре алатын және оны шешуге қорықпай, шешiм жолын iздеп таба алатын, жаңашыл, еркiн сын тұрғысынан ойлайтын ерекше және шығармашылыққа толы идеяларды табуына ықпалын тигiзетiн әдiс.

Продуктивтi әдiстердi қолдану арқылы оқушылардың тiлдiк қойн байытып, iздемпаздыққа және ойлау ұтқырлығын жетiлдiруге болады. Ол үшiн көркем мазмұндағы негiзгi мәселенi және тарамдала таралған проблемалық жағдаяттарды iрiктеп, оқушыларға ұсына алады немесе бiр-екеуiн көрсетiп, өз бетiнше жұмыс iстеу дағдысын жаттықтырып және олардың танымдық белсендiлiгiн арттыратын тапсырмалар берiп, шығарманың мазмұнынан сондай проблемалық жағдаяттарды оқушылардың өздерi табуын тапсырады.

Оқыту технологиялары оқу процесiне, сабақ түрiне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тiрек сигнал арқылы оқыту, компьютерлiк оқыту, электронды оқыту, коммуникативтiк технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту.

Қазақ тiлi сабағында компьютердi қолдану мәтiндер мен ақпараттарды бiлуге жол ашады. Тыңдаушылардың өз бетiнше жұмыс iстеу дағдысын және олардың танымдық белсендiлiгiн арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады. Компьютер әсiресе, тiл үйренушiлердiң әр түрлi тiлдiк жаттығу жұмыстарын орындау кезiнде одан көп көмегiн тигiзедi. Негiзiнен мына әдiс-тәсiлдер қолданылады:

1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәнi компьютердiң сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшiн негiзгi тiлдiк мәтiн пайдаланылады.

2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап берушi ұсынылған жауаптар тiзбегiнен өз жауабын таңдайды.

3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.

4) Сөздiктi қаншалықты меңгергендiгiн бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететiн сөздер тiзiмiн ұсынады; орысша-қазақша жазылған сөздер ұсынылады. Олардың iшiнен дұрыс эквиваленттерiн тауып, жұп құрау қажет.

Ғалым Қ. Қадашева былай дейдi: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсендiлiктi дамыту және деңгейлiк оқыту әдiстемелерiн жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады». Бiрақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиiмдi пайдалану оқытушының шеберлiгiне байланысты. Қ. Қадашеваның тағы бiр сөзiнде былай: «Тыңдап-түсiну, көрiп-байқау құралдарын қолданғанда сабақтың негiзгi үш түрi айқындалады:

-оқулық бойынша өтiлетiн материалды бекiту және қорытынды;

-өмiрдегi шындықпен жақындастыру және танымын арттыру;

-үйренушінің қабілет белсенділігі қызметіндегі сөйлеуді жандандыру».

Ғалым Т.Левандовский интеракцияның қарым-қатынас жасау үрдісінің синоним ретіне сипаттайды. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда тыңдаушылардың белсенділігін арттырады. Топ болып, жұп болып жұмыс істеуге үйретеді.

Белгілі ғалым Оразбаева былай деп көрсетеді: «...тілдік қатынасты игеру тек тілдік ортаға қатысты тақырыптарды соған сәйкес лексикалық минимуммен сөйлеу үлгілерін сөйлем әрекеттерін үйретумен іске асады. Тілдік қатынас ешуақытта грамматиканы жеке үйретумен жүзеге аспайды. Адамға қажет тақырып, сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы ұсынылып, грамматика сол тілдік қатынастың қажетіне қарай сұрыпталғанда ғана нәтиже береді».

Жаңа әдістерді пайдалануы – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған.

10 – сыныптағы тілдік төрт дағды туралы жалпы түсінік

1. Айтылым мен жазылым продуктивті дағдылар деп саналады.
2. Оқылым мен тыңдалым репродуктивті дағды деп саналады.

Айтылым. Айтылым мен жазылым продуктивті дағдылар тілді қолдану, жазу, сөйлеу білім алушыға қызығушылық туғызады және сөйлеушінің танымдық, жаңаны меңгергендегі белсенділігін тудыруға, ынталандыруға бағытталған. Айтылым барысында дұрыс сөйлеу үшін оқушының шұшқыр ойлау қабілеті артады. Оқушы сөздік қорын толық пайдалануға тырысады және саналы түрде кейбір шешімдерді жиі пайдаланады. Мысалы:

1. Сөздердің дыбысталу үндестігін сақтайды.
2. Сұраққа жауап бергенде толық сөйлем құрастырады.
3. Сөйлемнің дауыс ырғағына интонацияға көңіл бөледі.
4. Айтылым барысында әдептілікті сақтауға бейімделеді.
5. Сөйлеген сөздерін пайымдап, қателесіп қалған жағдайда өзін-өзі түзетуге тырысады.
6. Айтылымның ең тамашасы дәлелді сөйлем құрастыру және пікірталасқа түсе білу.
7. Сөйлегенде ауызекі және оқыған шығармалардан цитата келтіруі басқа ғылыми, әдеби стильдерді қолдана білуі оқушының өз сөзінен ләззат алуға жетелейді.
8. Оқыған шығарманы әңгімелеу және өз пікірін қосып айтып баяндайды.
9. Сөйлемдерді қысқартып немесе күрделендіріп, әңгімелеудің басқа жолдарын қарастырады.

Айтылым дағдысын дұрыс меңгерту үшін мынадай негізгі біліктілік керек:

- Білім алушы қазақ тілі білімінің негізгі мазмұны фонетиканы, грамматиканы, лексиканы түсіне оқуы тиіс.
- Айтылымға арналған сабақтың этаптары мүмкіндігінше мынадай болуы керек: Мысалы 10-сынып. Сабақтың тақырыбы: Сауда тарихы.

I. Сабақтың басы: жаңа сабақтың тақырыбын болжау (бұл жерде бейнематериал көрсету, стоп кадр, каллаж жасау, сөзжұмбақ шешу т.б. әдістеді пайдаланып сабақтың тақырыбын табуға болады); Суретке қарап сабақтың тақырыбын болжайды. Сабақтың тақырыбы: Сауда

Сабақтың тақырыбын тапқан баланы мадақтау, сондай-ақ жаңа сабаққа керекті қиын сөздердің мағынасын ашуға ғаламторды пайдалануға тапсырма беріп сол сабақтың жаңа сөздерін меңгерту (бұл жерде ақпараттық коммуникациялық технологияның арқасында білім алушы өз бетімен ізденіп оқитын бәсекеге қабілетті болуға ынталанадырады) немесе сөздердің жасалу жолдарын тілдік формасына көңіл бөліп, мұғалім нақыштап түсіндіріп немесе оқушыға түсіндіруге тапсырма беріп үйретеді.

